

**МИНИСТЕРСТВО ИНДУСТРИИ И ИНФРАСТРУКТУРНОГО
РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

КОМИТЕТ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ

**БИТУМДАРДЫҢ ТАС МАТЕРИАЛДАРМЕН ІЛНІСУІН ЖАҚСАРТУ
ЖӨНІНДЕГІ**

ҰСЫНЫМДАР

ҚР Ұ 218-190-2022

РЕКОМЕНДАЦИИ

**ПО УЛУЧШЕНИЮ СЦЕПЛЕНИЯ БИТУМОВ С КАМЕННЫМИ
МАТЕРИАЛАМИ**

Р РК 218-190-2022

Ресми басылым

Издание официальное

Астана 2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ**

**БИТУМДАРДЫҢ ТАС МАТЕРИАЛДАРМЕН ІЛІНІСУІН
ЖАҚСARTУ ЖӨНІНДЕГІ
ҰСЫНЫМДАР**

ҚР Ұ 218 -190-2022

Ресми басылым

Астана 2022

Алғысөз

- | | | |
|--|---|------------------|
| 1 ӘЗІРЛЕНДІ | «Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» АҚ | |
| 2 ЕНГІЗІЛДІ | «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК | |
| 3 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ | Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті Төрағасының «28» желтоқсан 2022 ж. № 154 бұйрығымен | |
| 4 КЕЛІСІЛДІ | «ҚазАвтоЖол» ҰК» акционерлік қоғамының «01 » қараша 2022 ж. № 03-01/12-01/3258-И хатымен | |
| 5 АЛҒАШҚЫ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ | | 2027 ж.
5 жыл |
| 6 АЛҒАШ РЕТ | | |

Құжат Қазақстан Республикасы нормативтік – құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық – құқықтық жүйесінде және «InfoZhol –<http://infozhol.kad.org.kz>» электронды мәліметтер базасында қол жетімді

Осы ұсынымдарды Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара қайта басып шығаруға, көбейтуге және таратуға болмайды

Мазмұны

	стр.
Кіріспе	4
1 Қолдану саласы	5
2 Нормативтік сілтемелер	5
3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	7
4 Жалпы ережелер	8
5 Адгезиялық қоспаларды қолдану технологиясы	9
6 Техникалық талаптар	10
7 Қауіпсіздік талаптары	11
8 Қоршаған ортаны қорғау талаптары	14
9 Бақылау әдістері	14
10 Сақтау және тасымалдау	15
11 Өндіруші кепілдігі	15
А қосымшасы (міндетті) Битумның тас материалмен ілінісуін суда қайнату әдісімен анықтау	16
Б қосымшасы(ұсынылатын) Фотосуреттерді компьютерлік өңдеу әдісімен битумның тас материалмен ілінісу коэффициентін анықтау	19
В қосымшасы(міндетті) Битумның тас материалымен ілінісу коэффициентін анықтаудың сандық әдісі	24
Библиография	27

Кіріспе

Асфальтбетон жамылғысының мерзімінен бұрын бұзылуының негізгі себептерінің бірі-битумдардың қышқыл жыныстардың минералды толтырғышымен нашар байланысы. Бұл мәселе он жылдан астам уақыт бойы талқыланып келеді, жеке сипаттағы түрлі шешімдер ұсынылады, бірақ тұтастай алғанда мәселе шешілмеген күйінде қалып отыр.

Битумның минералды материалдардың бетіне ілінісуінің беріктігі мен тұрақтылығын арттыру жол төсемелерінің қызмет ету мерзімін ұзарту үшін үлкен маңызға ие. Осы мақсатта соңғы жылдары жол құрылысының отандық және шетелдік тәжірибесінде адгезиялық қоспалар кеңінен қолданыла бастады.

Соңғы жылдары «Қазжолғзи» АҚ«ЖАСҰО» жол активтерінің ұлттық сапа орталығы ШЖҚ РМК және Жану проблемалары институтымен бәрлесіп, битумдар мен асфальтбетондардың сапасын жақсарту үшін адгезиялық қоспаларды қолдану бойынша егжей-тегжейлі зерттеу жүргізді. Бұл адгезиялық қоспалардың тұржинағын арттыруға, олардың қолданылу аясын едәуір кеңейтуге, АБЗ асфальтбетон зауыттарына қоспаларды енгізу технологиясы бойынша ұсыныстарды нақтылауға, адгезиялық қоспаларға қойылатын талаптарды және оларды сынаудың жаңа әдістерін жасауға мүмкіндік берді.

Адгезиялық қоспаларды қолданумен жол жамылғыларын салудың үлкен және жан-жақты тәжірибесі және зерттеу жұмыстары ҚР Ұ «Битумдардың тас материалдармен ілінісуін жақсарту жөніндегі ұсынымдарды» әзірлеу қажеттілігіне алып келді.

1 Қолдану саласы

Осы ұсынымдар битумдардың толтырғыштармен тұтасуын жақсартатын қоспаларды енгізе отырып немесе енгізбей түрлі минералдық материалдармен битумдардың адгезиясын айқындау әдістеріне қолданылады. Осы ұсынымдар автомобиль жолдарын жобалау, салу және жөндеу кезінде кеңінен қолдануға арналған.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы ұсынымдарды қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

Кеден одағының 2011 жылғы 18 қазандағы № 827 КО ТР 014/2011 «Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі» техникалық регламенті.

Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 16 тамыздағы № 769 шешімімен бекітілген «Орау қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламенті.

ҚР СТ 1214-2003 Құрылыс жұмыстарына арналған тығыз тау жыныстарынан және өнеркәсіптік өндіріс қалдықтарынан алынғаншағылтас және қиыршықтас. Химиялық талдау әдістері.

ҚР СТ 1218-2003 Жол және аэродром құрылысына арналған органикалық тұтқырғыштар негізіндегі материалдар. Сынау әдістері.

ҚР СТ 1225-2019 Жол, аэродром асфальтбетон қоспалары және асфальтбетон. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1373-2013 Битумдар және битумды тұтқырлар. Жолдық тұтқыр мұнай битумдар. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1808-2008 Битумдар және битумды тұтқырғыштар. Тұтқырғыштың адгезиясын анықтау әдістері.

МЕМСТ EN 13614-2013 Битумдар мен битуминозды тұтқырғыштар. Суға батыру арқылы адгезияны анықтау.

ҚР СТ 1174-2003 Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасы. Негізгі түрлері. Орналастыру және қызмет көрсету.

ҚР СТ 1683-2007 Битумдар мен битумды тұтқырғыштар. Шартты тұтқырлықты анықтау әдісі.

ҚР СТ 2114-2011 Битумдар мен битумды тұтқырғыштар. Тығыздықты анықтау әдістері.

ҚР СТ 3367-2019 Жол битумдарына арналған жабысқақ жол қоспалары. Жалпы техникалық шарттар.

ҚР СТ 1224 -2003 Битумдар мен битумды тұтқырғыштар. Жылыту және ауа ортасының әсерінен тозуға қарсы тұрақтылықты анықтау әдістері.

ҚР Ұ 218-190-2022

MEMСТ 9980.2-2014 Лак-бояу материалдары және оларға арналған шикізат. Сынамаларды іріктеу, сынау үшін үлгілерді бақылау және дайындау
MEMСТ 31939-2012 Бояу материалдары. Ұшпайтын заттардың массалық үлесін анықтау.

ГОСТ 3900-85 Мұнай және мұнай өнімдері. Тығыздықты анықтау әдістері.

MEMСТ 896-2021 Лак-бояу жабындарының жылтырын анықтау. Фотоэлектрлік әдіс.

MEMСТ 33140-2014 Тұтқыр жол мұнай битумдары. Жоғары температура мен ауаның әсерінен қартаюды анықтау әдісі(RTFOT әдісі)

MEMСТ 33142-2014 Тұтқыр жол мұнай битумдары. Жұмсару температурасын анықтау әдісі. «Сақина және Шар» әдісі.

MEMСТ 12.1.004-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

MEMСТ 12.1.005-88 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыс аймағының ауасына қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар.

MEMСТ 12.1.007-76 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Зиянды заттар. Жіктелуі және жалпы қауіпсіздік талаптары.

MEMСТ 12.1.014-84 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыс аймағының ауасы. Зиянды заттардың шоғырлануын индикаторлық түтіктермен анықтау әдісі.

MEMСТ 12.1.044-2018 Заттар мен материалдардың өрт және жарылыс қауіптілігі. Көрсеткіштер номенклатурасы және оларды анықтау әдістері.

MEMСТ 12.4.010-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жеке қорғаныс құралдары. Арнайы қолғаптар. Техникалық шарттар.

MEMСТ 12.4.034-2017 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдары. Жіктеу және таңбалау.

MEMСТ 12.4.111-82 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Мұнай мен мұнай өнімдерінен қорғауға арналған ерлер костюмдері. Техникалық шарттар.

MEMСТ 12.4.112-82 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Мұнай мен мұнай өнімдерінен қорғауға арналған әйелдер костюмдері. Техникалық шарттар.

MEMСТ 17.1.3.05-82 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Жер үсті және жер асты суларын мұнай және мұнай өнімдерімен ластанудан қорғауға қойылатын жалпы талаптар.

MEMСТ 17.1.3.07-82 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Су айдындары мен ағын сулардың сапасын бақылау ережесі.

MEMСТ 17.1.3.13-86 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Жер үсті суларын қорғауға қойылатын жалпы талаптар.

МЕМСТ 17.2.3.01-86 Табиғатты қорғау. Атмосфера. Елді мекендер ауасының сапасын бақылау ережесі.

МЕМСТ 17.2.3.02-2014 Табиғатты қорғау. Атмосфера. Өнеркәсіп кәсіпорындарының зиянды заттардың рұқсат етілген шығарындыларын белгілеу ережесі.

МЕМСТ 17.4.3.04-85 Табиғатты қорғау. Топырақ. Ластаушы заттарды анықтау әдістеріне қойылатын жалпы талаптар.

МЕМСТ 14192-96 Жүктерді таңбалау.

МЕМСТ 19433.1-2010 Қауіпті жүктер. Жіктеу.

МЕМСТ 30108-94 Құрылыс материалдары мен бұйымдары. Радионуклидтердің меншікті тиімді белсенділігін анықтау.

Ескертпе - Осы ұсынымдарды пайдалану кезінде ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жасалған «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» көрсеткіші бойынша және ағымдағы жылы жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша анықтамалық стандарттардың қолданылуын тексеру қажет. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы ұсынымдарды пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алған жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген Ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

3.1 Осы ұсынымдарда келесі анықтамалар пайдаланылды:

3.1.1 **Адгезия:** Бұл әртекті конденсацияланған денелердің молекулалық байланысы кезіндегі оардың арасындағы байланыс («битум-толтырғыш жүйесі).

3.1.2 **Толтырғыш пен битум арасындағы адгезия:** Судың қатысуымен механикалық араластыру үдеріснің әсерінен кейін тығыздалмаған толтырғышты битуммен жабудың көзбен бекітілетін дәрежесі.

3.1.3 **Адгезиялық қоспа:** Беттік-белсенді қасиеттері бар және битумның минералды материалдың бетімен ілінісуін арттыратын зат .

3.1.4 **Белсендірілген битум:** Адгезиялық қоспасы бар битум.

3.1.5 **Қабыршақтанудың пайыздық қатынасы:** Судың әсерінен битум шайылатын толтырғыш бөлшектері ауданының пайызбен көрсетілген толық қамту аймағына орташа қатынасы.

3.1.6 **Битумды жабу дәрежесі:** Битуммен жабылған және 100% қабылданған толтырғыш бөлшектерінің беткі ауданы, қабыршақтанудың пайыздық қатынасын алып тастағанда.

3.1.7 **Толық жабу:** Толтырғыш бөлшектері толығымен битуммен жабылған, ешқандай көрінетін бұзылулар жоқ, бірақ толтырғыштың өткір бұрыштарынан жабын қабықшасының ішінара бөлінуі байқалады.

3.1.8 Ұсынылған деректердің дәлдігі: Берілген жағдайларда алынған тәуелсіз сынақ нәтижелерінің сәйкестік дәлдігі.

3.2 Осы құжатта келесі қысқартулар қолданылады:

МЖБ - тұтқыр мұнай жол битумы;

ТТС - тез тұтанатын сұйықтықтар;

ӘБҚД - әсердің болжамды қауіпсіз деңгейі;

МӨЗ - мұнай өңдеу зауыты;

АБЗ - асфальтбетон зауыты;

ШРШ - шекті рұқсат етілген шоғырлану;

Па - Паскаль.

4 Жалпы ережелер

Жол битумдарында адгезиялық қоспаларды қолдану битум - минералды материалдың шегінде беттік созылуды азайтады, минералды материалдардың беткі қабатын сулауды және бүркеуді жақсартады және тездетеді, битумның минералды материалға адгезиясын арттырады.

Адгезиялық қоспалар битумның бір уақытта ультра қышқыл, қышқыл және негізгі жыныстардың минералды материалдарының бетіне қажетті адгезиясын қамтамасыз етеді, бұл кез-келген асфальтбетон мен қара материалдардың су мен аязға төзімділігін арттыруға көмектеседі, соның ішінде минералды бөлігі - шағыл тас, құм және минералды ұнтақтардың, әртүрлі сипаттағы материалдармен ұсынылған, демек, жамылғының қызмет ету мерзімін ұзартады.

Адгезиялық қоспалар-бұл полиаминоамидтер мен полиаминоимидазолиндердің қоспасы, табиғи немесе синтетикалық жоғары молекулалық органикалық қышқылдардың немесе олардың полиэтилен полиаминдермен кубтық қалдықтарының, имидазолиндер сияқты химиялық және т.б. қосылыстардың қоспасы.

Битумның алдын ала жабылған толтырғыш бетінде қалу қабілеті ҚР СТ 1808[1] көрсетілген әдістермен анықталады. Сынақ әдістері А қосымшасында келтірілген, себебі осы стандартқа сәйкес адгезия индикаторын анықтаудың барлық әдістері визуалды болып табылады, қателерді болдырмау үшін тас материалдарының битуммен жабылуының үлестік ауданын өлшеуге ықпал ететін арнайы есептеу бағдарламасын қолдану қажет. Бұл әдістер Б және В қосымшаларында келтірілген.

5 Адгезиялық қоспаларды қолдану технологиясы

Адгезиялық қоспалар мыналарға қосылады:

- МӨЗ битумды алу үдерісінде битумға;
- битум базасында немесе АБЗ битумға;
- АБЗ минералды материалдың бетіне.

5.1 Мұнай өңдеу зауыттарында (МӨЗ) битумға адгезиялық қоспаларды енгізу

МӨЗ тұтқыр және сұйық битумдарға енгізу үшін катион және анион белсенді класының адгезиялық қоспалары қолданылады.

Көптеген адгезиялық қоспалар ыстыққа төзімділігі төмен және жоғары температурада, әсіресе ұзақ уақыт бойы қызуға төтеп бермейді. Сондықтан, қолданылатын адгезиялық қоспаның жылу кедергісі оны МӨЗ битумға енгізудің температуралық режимін анықтауда негізгі көрсеткіш болып табылады.

Адгезиялық қоспалардың алуан түрлілігіне байланысты МӨЗ зертханасында әрбір жекелеген жағдайда жоғары температурада оны 5 сағат бойы ұстағаннан кейін салмақ жоғалтуымен және битумның осы температураға алдын ала ұшыраған адгезиялық қоспамен адгезиясы көрсеткішімен анықталатын адгезиялық қоспаның термотөзімділігін анықтау қажет.

Қолданылатын адгезиялық қоспалар ҚР СТ 3367 [2] барлық талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.2 Адгезиялық қоспаларды битумға битум базасында немесе АБЗ енізу

Адгезиялық қоспаларды битумға битум базасында немесе АБЗ қосу кезінде кез-келген түрдегі механикалық араластырғыштардың көмегімен немесе арнайы айналым тізбектерінің көмегімен қарқынды айналымды жүзеге асыратын мәжбүрлі араластыруды қолданады. Ол үшін полимерлі битумды немесе битумды тотықтыруға арналған компрессорсыз қондырғыларды дайындау үшін қолданыстағы қондырғылар қолданылады.

ҚР Ұ 218-190-2022

Битумдағы адгезиялық қоспалардың біркелкі таралуы битумның талап етілетін адгезиялық қасиеттеріне қол жеткізудің міндетті шарты болып табылады.

Битумды адгезиялық қоспалармен араластырудың ең аз қажетті уақытын белгілеу үшін зертханада оңтайлы уақытты таңдау ұсынылады. Араластыру аяқталғаннан кейін битум сынамасы осы ыдыстың әртүрлі жерлерінен және әртүрлі деңгейлерден алынады. Араластыру тағы 2 сағатқа созылады, сынамалар жоғарыда көрсетілгендей, 1 сағаттан кейін және араластырудың соңында алынады. Барлық сынамалар үшін битумның ілінісу көрсеткіші В қосымшасына сәйкес анықталады.

Температурасы 160 °С құрайтын адгезиялық қоспасы бар битум бір жұмыс күні ішінде қолданылады (10-12 сағ.). Пайдаланылмаған қоспасы бар битум келесі күнге дейін 120 °С-тан аспайтын температурада сақталады және қолданар алдында оны 150-160°С дейін қыздыру қажет.

Егер мерзімі өткеннен кейін адгезиялық қоспасы бар битум келесі 8 сағат ішінде пайдаланылмаса, битумды битумның құммен адгезиясы көрсеткіші бойынша тексеру керек.

Битумды адгезиялық қоспамен Жұмыс температурасына дейін 2 реттен артық немесе 160 °С жоғары температураға дейін (қызып кету) 3 сағат ішінде қайта қыздырған жағдайда, битум өзінің тас материалымен немесе битумды құммен байланыстыра отырып, адгезия көрсеткіші бойынша тексерілуі тиіс.

Битум қазандықтарына адгезиялық қоспаларды енгізу үшін арнайы сорғы қолданылады немесе қолмен қосылады. Қоспасы бар битум арнайы қондырғының көмегімен дайындалады.

6 Техникалық талаптар

6.1 Адгезиялық қоспалардың негізгі көрсеткіштері мен сипаттамалары:

6.1.1 Қоспалар белгіленген тәртіппен бекітілген талаптар мен техникалық құжаттарға сәйкес келуі тиіс.

6.1.2 Нақты қосымшаға ілеспе құжаттарда дайындаушы оны қолдану шарттарын көрсетуі тиіс.

6.1.3 Қоспалар сұйық және қатты агрегаттық күйде болуы мүмкін.

6.1.4 Қоспаның түсі ашық сарыдан қою қоңырға дейін, сондай-ақ қолданылатын шикізатқа байланысты басқа да түсте болуы тиіс.

6.1.5 Қоспалардың физика-химиялық қасиеттері 1-кестеде келтірілген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

1-кесте - Қоспалардың физика-химиялық қасиеттері

Көрсеткіштің атауы	Көрсеткіштің мәні
Ұшпайтын заттардың массалық үлесі, %, кем емес	Нақтышикізат материалдарын стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес*
Шартты тұтқырлық, с	Стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес нақты шикізат материалдары *
Тығыздық, г /см ³	Нақтышикізат материалдарын стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес *
Белсенділік (битумның құммен адгезиясын арттыру) %, кем емес	13,0
Белсендірілген битумның өзінің тас материалымен ілінісуі (пеште қыздырғаннан кейін), кем емес	Қанағаттанарлық (үш балға немесе 60%)
Қоспаның битумның термототығыптозуға әсері (қыздырғаннан кейін бастапқы және белсендірілген битумды жұмсару температурасының айырмасының жоғарылауы), ° С, көп емес	3
* Егер нақты шикізат материалдарына арналған стандарттау жөніндегі құжаттарда бұл көрсеткіш болмаса, онда сынақ хаттамасында нақты мәні көрсетіледі.	
Ескертпе – «Ұшпайтын заттардың массалық үлесі» және «шартты тұтқырлық» көрсеткіштері қатты агрегаттық күйдегі қоспалар үшін анықталмайды.	

7 Қауіпсіздік талаптары

7.1 Адгезиялық қоспаларды қолдана отырып жұмыс жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін басшылыққа алу қажет.

7.2 МЕМСТ 12.1.007 [6]сәйкес адам ағзасына әсер ету дәрежесі бойынша амин және фосфор қышқылдары негізіндегі адгезиялық қоспалар қауіптіліктің 4 класына жатады.

7.3 Адгезиялық қоспалармен жұмыс істеу кезінде битумға және минералды материалдың бетіне қоспаларды дайындау және енгізу кезінде қолданылатын қондырғылар мен жабдықтарды іске қосуға қатысты өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау қажет. Өрт қауіпсіздігі бойынша адгезиялық қоспалар келесі көрсеткіштерге сәйкес келуі керек:

- жанғыштық тобы-жануы қиын;
- тұтану температурасы-220 ° С-тан 300 ° С-қа дейін;
- тұтану температурасы-360 ° С төмен емес;
- өздігінен тұтану температурасы-368 ° С төмен емес.

ҚР Ұ 218-190-2022

7.4 Адгезияға арналған қоспаларды қолданумен байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде 2-кестеде көрсетілген зиянды заттардың бөлінуі мүмкін, олардың шоғырлануы МЕМСТ 12.1.005 [7] белгіленген талаптардан аспауы тиіс.

7.5 Белгіленген тәртіппен бекітілген жұмыс аймағының ауасындағы зиянды заттардың ШРШ сақталуын бақылау МЕМСТ 12.1.014 [8] сәйкес жүргізілуі тиіс. ШРШ деңгейі 2-кестеде көзделген нормативтерден аспауы тиіс.

2-кесте - Санитарлық-гигиеналық нормативтер (ШРШ, ӘБҚД)

Заттың атауы	ШРҚ, мг/м ³			ӘБҚД, мг/м ³	Қауіптілік классы
	м.р.	с.с.	р.з.		
Шекті көмірсутектер C ₁₂ -C ₁₉	1	-	300	-	4
Күкірт қышқылы	-	0,1	0,3	-	2
Әктас шаңы CaCO ₃ кальций карбонаты	-	-	3	0,3	-
Азот диоксиді	0,085	0,04	2	-	2
Көміртек тотығы	5	3	20	-	4
Күкірт диоксиді	0,5	0,05	0,1	-	3
Құрамында SiO ₂ 70-20% болатын бейорганикалық шаң (қиыршық тас шаңы)	0,3	0,1	6	-	3
SiO ₂ құрамында 70% - дан жоғары бейорганикалық шаң (құм шаңы)	0,15	0,05	1	-	3
Құрамында SiO ₂ 20%-дан кем органикалық емес шаң	0,5	0,15	10	-	3
Өлшенген заттар (құрамы бойынша сәйкестендірілмеген шаң)	0,5	0,15	10	-	3

7.6 МЕМСТ 30108 [9] сәйкес бастапқы инертті материалдардағы (топырақтағы, жергілікті тас материалдардағы, өндіріс қалдықтарындағы және т.б.) табиғи радионуклидтердің меншікті тиімді белсенділігі 3-кестеде көрсетілген мәндерден аспауы тиіс.

7.7 Өндірістік үдерістерге қойылатын жалпы қауіпсіздік талаптары – МЕМСТ 12.3.002 [10] бойынша, өндірістік жабдыққа қойылатын жалпы қауіпсіздік талаптары – МЕМСТ 12.2.003 [11] бойынша.

7.8 Амин және фосфор қышқылы негізіндегі қоспалар МЕМСТ 19433.1 [9] бойынша қауіпті жүк болып табылмайды.

7.9 Жұмысшылар МЕМСТ 12.4.137 [13] бойынша арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және МЕМСТ 12.4.011 [14] талаптарына сәйкес жеке құралдармен қамтамасыз етілуі тиіс.

3-кесте - Бастапқы инертті материалдардағы табиғи радионуклидтердің меншікті тиімді белсенділігі

Құрылыс материалдарының радиациялық қауіптілік класы	Тиімді меншікті белсенділік ($A_{эфф}$), Бк/кг, көп емес	Қолдану саласы
II	740	Елді мекендер аумағы мен перспективалы құрылыс аймақтары шегінде жол құрылысында пайдаланылатын материалдар үшін
III	1500	Елді мекендерден тыс жол құрылысында қолданылатын материалдар үшін.

7.10 Тиеу-түсіру жұмыстары МЕМСТ 12.3.009 [15] талаптарына сәйкес ұйымдастырылуы тиіс.

7.11 Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар, өрттің алдын алу және өрттен қорғау жүйелері МЕМСТ 12.1.004 [16] сәйкес жүргізілуі тиіс.

7.12 Қауіптің болуы немесе туындау мүмкіндігі және оның жұмысшыларға әсерін ескертуге немесе азайтуға болатын тәсілдер ҚР СТ МЕМСТ Р 12.4.026 [17] сәйкес сигналдық түстермен және қауіпсіздік белгілерімен белгіленуі тиіс.

7.13 Жұмысқа алдын ала (жұмысқа қабылдау кезінде) және мерзімдік медициналық тексеруден, сондай-ақ қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария бойынша нұсқаулықтан өткен адамдар жіберіледі.

8 Қоршаған ортаны қорғау талаптары

8.1 Адгезиялық қоспаларды дайындау және пайдалану кезінде ҚРКеден одағының «Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі» техникалық регламентінің талаптарында [18], «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде» [19], МЕМСТ 17.1.3.06[20], МЕМСТ 17.1.3.07 [21], МЕМСТ 17.2.3.01[22], МЕМСТ 17.2.3.02[23], МЕМСТ 17.4.3.04[24], ҚР ЕР 218-21-2021[25]көзделген қоршаған ортаны қорғау шараларын басшылыққа алу қажет.

8.2 Аминдер мен қышқылдар негізіндегі адгезиялық қоспалар қоршаған орта температурасында басқа заттар немесе факторлар болған кезде ауа ортасында және ағынды суларда улы қосылыстар түзеді.

8.3 Адгезиялық қоспалар озонды бұзатын заттар болып табылмайды.

8.4 Табиғатты қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шаралар оларды өндіру, сақтау және тасымалдау кезінде адгезиялық қоспалардың зиянды әсерін төмендетуден тұрады, бұған жабдықтарды, коммуникацияларды, буып-түю ыдыстарын герметизациялау, ағып кетулер мен төгілулерді уақтылы жою арқылы қол жеткізіледі.

8.5 Қоршаған ортаға зиянды әсерді болдырмау мақсатында адгезиялық қоспаларды шаруашылық-ауыз су, мәдени-тұрмыстық су пайдалану және балық шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жер үсті су айдындарына төгуге қатаң тыйым салынады.

8.6 Қоршаған ортаның ең аз ластануының негізгі шарты технологиялық ережелерді, өндірістік тәртіпті сақтау болып табылады.

9 Бақылау әдістері

9.1 Сынамаларды іріктеу МЕМСТ 9980.2 бойынша жүргізілуі тиіс.

9.2 Сыртқы түрін анықтау

Қоспалардың сыртқы түрі көзбен анықталады.

9.3 Ұшпайтын заттардың массалық үлесін анықтау

Ұшпайтын заттардың массалық үлесі МЕМСТ 31939 бойынша анықталады.

9.4 Шартты тұтқырлықты анықтау

Қоспаның шартты тұтқырлығы ҚР СТ 1683 бойынша анықталады.

9.5 Тығыздықты анықтау

Қоспалардың тығыздығы ҚР СТ 2114 немесе МЕМСТ 3900 бойынша анықталады.

9.6 Белсенділікті анықтау (битумның құммен ілінісуін арттыру)

9.6.1 Қоспаның белсенділігі бастапқы битумға қатысты белсендірілген битумның адгезиясының өзгеруі ретінде анықталады.

9.6.2 МЕМСТ 896 бойынша фотоэлектрлік жылтыр өлшегіш (диффузиялық шағылысу коэффициенті) жабдық ретінде пайдаланылады, шекті рұқсат етілген абсолютті қателігі $\pm 4\%$.

9.6.3 Қоспалардың белсенділігі ҚР СТ 3367-2019 сәйкес анықталады.

9.7 Битім тұтқырғыштарының өз тас материалының бетімен ілінісуін анықтау.

Іліністер дистилденген суда қайнатылғаннан кейін өз тас материалының түйірлеріндегі битумды тұтқырғышы қабықшасының сақталу дәрежесі бойынша көзбен бағаланады.

9.8 Қоспаның битумның термо тотығып тозуына төзімділігіне әсерін анықтау.

9.8.1 Пайдаланылатын жабдық, сынамаларды дайындау тәртібі – ҚР СТ 1224 немесе МЕМСТ 33140 бойынша.

9.8.2 Бастапқы және белсендірілген битум үшін жұмсару температурасын ҚР СТ 1227 немесе МЕМСТ33142 сәйкес термостаттауға (жылытуға) дейін және кейін анықтайды.

10 Сақтау және тасымалдау

10.1 Қоспалар көліктің барлық түрлерімен көліктің әр түрінде қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне және белгілі бір қоспаны стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес тасымалданады.

10.2 Егер нақты қоспаға арналған стандарттау жөніндегі құжаттарда басқа нұсқаулар болмаса, қоспаларды жабық бөлмелерде ауа температурасы 0 °С-тан төмен емес герметикалық жабық буып-түю ыдысында сақтау керек.

10.3 Дайын бұйымдарды басқа заттармен және материалдармен бірге тасымалдау және сақтау МЕМСТ 12.1.004 [13] сәйкес жүргізіледі.

11 Өндірушінің кепілдіктері

11.1 Тұтынушы тасымалдау, сақтау және қолданудың белгіленген ережелерін сақтаған жағдайда, дайындаушы қоспалардың осы стандарттың талаптарына сәйкестігіне кепілдік береді.

11.2 Қоспаның кепілдікті сақтау мерзімі нақты қосымшаның ілеспе құжаттарында көрсетілуі керек.

11.3 Кепілдік мерзімі өткеннен кейін қоспаның осы стандарттың талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізіледі және көрсеткіштер осы стандарттың талаптарына сәйкес келген жағдайда осы қоспаларды пайдалануға жол беріледі.

А қосымшасы
(міндетті)

**Битумның тас материалмен ілінісуін суда қайнату әдісімен
анықтау**
(сапалық әдіс)

А.1 Шағылтас, битум сынамаларын дайындау МЕМСТ 11508 сәйкес жүргізіледі.


А.1.1 Битум тұтқырғышының сынамасын дайындау

Көлемі 200 мл-ден 250 мл-ге дейінгі битумды өлшеу ыдысымен 2 мл-ден 3 мл-ге дейінгі дәлдікпен өлшенеді, 120°C-тан 130°C-қа дейінгі температураға дейін қыздырылады, өлшеу шегі 0°C-тан 150°C-қа дейінгі және 0,5 °C бөлу бағасы бар шыны сынап термометрінің көмегімен бақыланады, қоспа енгізіледі (егер өндірушінің басқа нұсқаулары жоқ болса) және қолмен шыны таяқшамен секундпен межеленген секундомерді қолдана отырып, 5 минуттан 8 минутқа дейін араластырылады. Қоспаның мөлшері стандарттау жөніндегі құжаттардағы нұсқауларға сәйкес немесе мүдделі тараптармен келісім бойынша анықталады.

Дайындалған битумның жеткілікті мөлшері алынады (шамамен 50 г) және металл контейнерге салынады.

Битумды металл ыдыста қыздырып, оны бірдей кептіру шкафына араластыру температурасында (30 ± 5) мин.араластырмас бұрын битум қолмен араластырылады.

Технологиялық сұлба 1-суретте көрсетілген.



1-сурет – Белсендірілген битумды дайындаудың технологиялық сұлбасы

А.1.2 Тас материалды дайындау

Қолданылатын меншікті тас материалының орташа сынамасынан мөлшері кемінде 10 мм алты түйір алынады және оларды 105 ° С-тан 110 ° С-қа дейінгі температурада кептіру шкафында кептіреді.

Жеке тас материалының әрбір түйірі жіппен немесе жұқа сыммен (диаметрі 0,5 мм-ден аспайтын) байланады және кептіру шкафында қыздырылады. Тұтқыр битумдарды қолданған кезде тас материалдықыздыру температурасы (130 -150) °С болуы керек.

1 сағаттан кейін қыздырылған түйірлер 140 ° С-тан 150 ° С-қа дейін қызғаннан кейін қолданылатын белсендірілген битумға кезекпен 15 с батырылады, содан кейін олар алынып, артық битумды ағызу үшін штативке ілінеді. Сынақтар тас материалдыңтүйірлерен битуммен өндегеннен кейін кемінде 1 сағаттан кейін жүргізіледі.

А.2 Сынақ жүргізу тәртібі

Химиялық стақанның 2/3 бөлігидистилденген сумен толтырылады, электр плитасына, құмды ваннаға немесе қыздырғыштың жалынының үстіндегі асбест торына орнатады және суды қайнадатаы (қатты қайнатуға жол берілмейді). Штативке ілінген әрбір түйір кезектесіп стақанның ортасына стақанның түбіне де, қабырғаларына да тимейтіндей етіп түсіріледі және тұтқыр битумдарды 30 минут, сұйық битумдарды -3 минут қайнаған суда ұсталады.

Көрсетілген уақыттан кейін қайнау үдерісінде өз тас материалының бетінен бөлініп, бетіне қалқып шыққан битум сүзгі қағазымен алып тасталады. Өз тас материалының түйірі стақаннан шығарылады және өз тас материалының бетінде қалған битум үлдірін салқындату және бекіту үшін 1-3 минут бойы салқын дистилденген суы бар стақанға батырылады. Салқындатылған өз тас материалы судан шығарылады және сүзгі қағазына орналастырылады да бөлме температурасында 30-60 мин кептіріп визуалды баға береді. Битумның тас материалмен ілінісуін қайнату әдісімен анықтаудың технологиялық сұлбасы 2-суретте көрсетілген.



2-сурет – Битумның тас материалмен ілінісуін қайнату әдісімен анықтаудың технологиялық сұлбасы

ҚР Ұ 218-190-2022

А.3 Сынақ нәтижелерін өңдеу тәртібі

А.3.1 Өз тас материалының түйірлерінің беті тексеріледі және битум тұтқырының өз тас материалымен ілінісу сапасына 4-кестеге сәйкес тұтқыр қабықшаның сақталуын біртіндеп бағалау жүргізіледі.

4-кесте - Тұтқыр қабықшасының сақталуын визуалды бағалау

Меншікті тас материалының бетіндегі битум қабықшасының сипаттамасы	Ілінісу сапасын бағалау
Тұтқырдыңқабықшасы бетте толығымен сақталады, ал оның қалыңдығы кейбір жерлерде азаюы мүмкін	Өте жақсы (бес балл)
Тұтқырдыңқабықшасы бетте толығымен сақталады, бірақ ішінара (өткір бұрыштар мен қабырғалардан бөлінген)	Жақсы (төрт балл)
Тұтқырдыңқабықшасы50% - дан жоғары өзінің тас материалының бетінде сақталады	Қанағаттанарлық (үш балл)
Тұтқырдыңқабықшасы50% - дан аз өзінің тас материалының бетінде сақталады. Ашылған бетте битумның жеке тамшылары байқалады	Нашар (екі балл)


Б қосымшасы
(ұсынылатын)

Фотосуреттерді компьютерлік өңдеу әдісімен битумның тас материалмен ілінісу коэффициентін анықтау

Б.1 Битумның әртүрлі тас материалдарымен ілінісуін сынау кезінде арнайы есептеу бағдарламасын және тас материалдарының битуммен жабылуының үлестік ауданын өлшеу әдістемесін қолдана отырып, нақты сандық мәндерді алу мүмкіндігін зерттеу. Сынақ жүргізу әдістемесін жетілдіру және ең жақсы пайдалану сипаттамалары бар аппараттық құралдарды пайдалану алынған нәтижелердің сапа деңгейін арттырады. Алынған нәтижелер бақылаушының сипаттамаларына байланысты емес.

В.2 Бұл әдіс битумның қамту аймағын дәлірек бағалау үшін қолданылады, атап айтқанда сынамаларды суретке түсіру арқылы. Бұл кәсіби жабдықта фотостудияда суретке түсіру және зертханалық жағдайда жасалған қондырғыда суретке түсіру.

Б. 3 Алынған барлық суреттер компьютерлік бағдарламада - AdobePhotoshopфоторедакторында өңделеді. Жарық және түс түзету. Ақ балансы, қажетті аймақты бөлу және перспективада бұрмалануды жою мақсатында (3-сурет).



а) Бағдарламаға фотосуретті жүктеу; б) Беттерді 0% - дан 93,3% - ға дейінгі жарықтықта бөліп көрсету; в) Суретті терістеу және 0% - дан 50% - ға дейінгі жарықтықта беттерді бөліп көрсету.

3-сурет – Шаңыл тастың суреттерін өңдеу

Б.4 Фотографиялық кеңдікті таңдау

Фотоматериалдың фотографиялық кеңдігі, динамикалық диапазоны- фотода, теледидарда және кинода жарық сезгіш материалдың (фотопенка, таратушы телевизиялық түтік, матрица) сипаттамасы.

Жарық сезгіш материалдың алынатын объектінің жарықтығын дұрыс беру қабілетін анықтайды.

Ол сипаттамалық қисықтың сызықтық бөлігінің максималды және минималды экспозициясының қатынасы ретінде өлшенеді.

Бұл қатынас логарифмінің екілік («экспозиция сатысы») немесе ондық (1.1 D көрсетілген) түрінде көрінеді.


Жарықтылықтың дұрыс берілуі белгілі бір дәлдікпен объект элементтерінің жарықтылығының тең айырмашылықтары оның кескініндегі тең айырмашылықтармен берілетіндігін білдіреді (осы бөлімдегі беріліс сипаттамасы жеткілікті сызықтық).

Түрлі-түсті фотоматериалдар үшін экспозициялардың тиісті ауқымы үшін ақ түс балансы дұрыстықтың қосымша өлшемі болып табылады.

$$L = \lg(H_2/H_1) = \lg H_2 - \lg H_1$$

мұнда, L — фотографиялық кеңдік, H — экспозиция.

4-суретте фотоленканың сипаттамалық қисығының кестесі көрсетілген.



4-сурет - Әдеттегі фотоленканың сипаттамалық қисығы


Фотоматериалдың динамикалық диапазоны-фотографиялық ендіктің синонимі. Қазіргі заманғы фотографияда «фотографиялық ендік» термині дәстүрлі түрде фотографиялық үдерістің өзі үшін қолданылады, ал «динамикалық диапазон» электронды жабдық үшін (мысалы, телекамералар) және кескіндерді сандық өңдеуде қолданылады.

Сондай-ақ, «фотографиялық ендік» термині сахнаның жарығы мен көлеңкесінде бөлшектердің берілуін сақтай отырып, белгілі бір түсіру жағдайында белгілі бір фотоматериал үшін экспозицияның рұқсат етілген ауытқу шамасын белгілеу ретінде қолданыла алады. Бұл жағдайда оның мәні


тек түсіру объектісінің т материалының қасиеттеріне ғана емес, сонымен бірге фотограф қойған міндетке де байланысты.

Б. 5 Гистограмманы қолдану

5-суретте тастың фотосуреті және фотосуреттің гистограммасы көрсетілген. Қызыл түс дұрыс экспозиция кезінде гистограмма қисығын көрсетеді. Қисық гистограмманың оң жақ шетіндегі бағаннан қысқа қашықтықта аяқталуы керек. 6-суретте дұрыс суретке түсірілген тастың суреті көрсетілген.



5-сурет - Тастың фотосуреті және фотосурет гистограммасы




6-сурет - Дұрыс суретке түсірілген тас шамамен осындай көрінуі керек


Битуммен қапталған тас материалын суретке түсірудің дұрыс таңдалған жағдайларында (сфералық жарықтандыру, тастың шетінде көлеңкелердің болмауы, қажетті экспозицияны таңдау, қажетті ұстауды таңдау) біз жақсы суреттіаламыз және фоторедактор – AdobePhotoshop бағдарламасын қолдана отырып, шартты аймақ арқылы тас материалының бетіндегі битумның пайызын есептейміз.

Б 6. Тас материалының битуммен қапталған ауданын анықтау бойынша Adobe Photoshop бағдарламасында өңдеу жөніндегі Нұсқаулық

- 1) Файлды Фотошопқа жүктеу.
- 2) **WINDOW>MEASUREMENTLOG** таңдаңыз – белгілеу.
- 3) Параметрлерді орнату:



- 4) **SELECT>COLORRANGE** таңдау.
- 5) Параметрлерді орнату:



- 6) **RANGE** жүгірткісін барлық битум аймақтары ерекшеленгенше оңға ЖЫЛЖЫТУ.
- 7) **INVERT** түймесін, **OK** түймесін басу.
- 8) Төменгі сол жақ мәзірде **RECORDMEASUREMENTS** түймесін басу.
- 9) **0001** жолында **AREA** бағанындағы пиксельдегі битум алаңын есептеу.
- 10) Себетті басу, барлық өлшемдерді жою.
Суретті оң жақты шертіп, **DESELECT** түймесін басу.
- 11) **SELECT>COLORRANGE** таңдау.
- 12) **RANGE** жүгірткісін тастың бүкіл ауданын дәл анықтағанша оңға ЖЫЛЖЫТУ.
- 13) **OK** түймесін басу.
- 14) төменгі сол жақ мәзірде **RECORD MEASUREMENTS** түймесін басу.

15) **0001** жолында **AREA** бағанындағы пиксельдегі тастың ауданын есептеу.


16) Себетті басу, барлық өлшемдерді жою.

№1 мысал. КазТасПром.JPG суреті пайдаланылды

1-қадам: Бағдарламаға суретті жүктейміз:




2-қадам: Жарықтығы 0% - дан 93,3% - ға дейін беттерді бөлеміз.



Бағдарламамен есептелген таңдалған беттердің шартты ауданы 2656564 тең

3-қадам: Суретті терістетіп, 0% - дан 50% - ға дейін жарықтығы бар беттерді бөлеміз.



Бағдарламамен есептелген таңдалған беттердің шартты ауданы 868054 тең.

4-қадам: Тас материалының битуммен жабылу дәрежесі:

$$K = (868054/2656564) * 100 = 32,676\%$$

Алынған деректер бойынша, сынақтардан кейін битум қабықшасымен қапталған тас материалдарының үлестік ауданының орташа мәнінен ауытқу 2%-дан аспайды, бұл алынған нәтижелердің жақсы жинақталатынын көрсетеді.

В қосымшасы
(міндетті)

Битумның тас материалына ілінісу коэффициентін анықтаудың сандық әдісі

В 1 әдісі

Битуммен қапталған тас материалының егжей-тегжейлі, анық және айқын фотосуреттерін жасау әдісінің мәні.


1. Өлшеу құралдары, сынау және қосалқы жабдық, құрылғылар, заттар мен материалдар

- 1) Visico VT-300 екі студиялық жарқылдағы.
- 2) YN-450 портативті фотожарқылдағы.
- 3) Canon 6d кәсіби камерасы.
- 4) Slik Pro 500dx кәсіби штатив
- 5) Макротүсірілімге арналған Canon 100 mm. F2.8 micro кәсіби объективі.

2. Дайындау және сынақ жүргізу тәртібі

Тастар ақ акрил фонында бір-бірден орналастырылды. Ақ фоннан тастардың шеттерінде жарық болмауы үшін тастар фонның үстіне көтеріліп, әйнекке қойылды.

Екі жарқылдақ толық қуатқа қосылады және тастарға қатысты 45 градусқа бұрылды. Үшінші жарқыл ақ акрил фонның астына орналастырылды. Жарық түсіру нысанын жарықтандырмайтындай етіп жарқыл жасау қажет. Жарық деректерді жинау бағдарламасы арқылы фотосуреттерді оқуға әсер етеді. Фотоаппарат штативке орнатылды және суреттің масштабы 1:1 болатындай етіп түсіру объектісіне барынша жақын болды (1-сурет).



1-сурет - Фотостудия жабдығы.

3. Сынақ нәтижелерін өңдеу

Фототүсірілімнен кейін суреттер Photoshop бағдарламасында өңделді. Жарық және түс түзету. Ақ және түрлі-түсті етіп түзетіледі. Фототүсірілім егжей-тегжейлерді жақсы жеткізу үшін RAW форматында жүзеге асырылды. Кейін JPEG форматы бойынша айырбастау жүзеге асырылды. Суреттер карьер атаулары бар жеке пакаларға орналастырылады.

В 2 әдісі

Битуммен қапталған тас материалының егжей-тегжейлі, анық және айқын фотосуреттерін жасау әдісінің мәні.

1. Өлшеу құралдары, сынау және қосалқы жабдық, құрылғылар, заттар мен материалдар

- 1) LED драйвері
- 2) Қорғаныш төлке
- 3) Фотоаппарат
- 4) Кронштейн
- 5) Бекіту бұрандасы
- 6) Пластина
- 7) Модификацияланған LED шамы
- 8) Жоғарғы қаптама
- 9) Заттық үстел
- 10) Жалғастырушы муфта сақиналары
- 11) LED шам
- 12) Төменгі қаптама
- 13) Реттелетін LED драйвері

2. Сынақ жүргізуге дайындық тәртібі


Барлық пластиналарды суретке түсіру бірдей жарықтандыру, камера орналасуы және параметрлері бойынша жүргізілді. Мұны, мысалы, жарық камерасында (2-сурет) жасауға болады, онда пластина күңгірт әйнекпен жабылған екі жарық көзімен жарықтандырылады. Камера ішінен қара күңгірт бояумен боялған, осылайша камераның ішкі қабырғаларынан жарықтың шағылысуы азайтылған. Нәтижесінде камерада негізінен пластина мен битумның бетінен шағылысқан жарық түседі.

3. Сынақ жүргізу тәртібі

- 1) Экспозицияны бекіту.
- 2) Камераны нысанға бағыттап, ысырманы түсіру батырмасы жартылай басылған кезде экранның төменгі бөлігін (төмендегі фотосуреттің жақтауының ішінде) басқ. AEL белгішесінің пайда болуы экспозицияның бекітілгенін білдіреді.

Ескертпе: Егер саусағыңызды ысырма батырмасынан алып тастап, экранды қайтадан түртсе, AEL режимі жойылып, AEL белгішесі жоғалады.

3) Кадр композициясын таңдау және түсіру



2-сурет - Битуммен қапталған тас материалының пластиналарын суретке түсіруге арналған жарықтандыру камерасы.

4. Сынақ нәтижелерін өңдеу

Қажетті аймақты бөлектеу және болашақта бұрмалануды жою мақсатында алынған барлық суреттер компьютерлік бағдарламада – AdobePhotoshop фоторедакторында өңделеді.

Библиография

- [1] ҚР СТ1808-2008 «Битумдар мен битумды тұтқырғыштар. Тұтқырдың адгезиясын анықтау әдістері».
- [2] ҚР СТ 3367-2019«Жол битумдарына арналған жол адгезиялық қоспалар. Жалпы техникалық шарттар».
- [3] МЕМСТ 12.1.007-76 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Зиянды заттар. Жіктеу және жалпы қауіпсіздік талаптары.
- [4] МЕМСТ 12.1.005-88 Жұмыс аймағының ауасына қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар.
- [5] МЕМСТ 12.1.014-84 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыс аймағының ауасы.Зиянды заттардың концентрациясын индикаторлық түтіктермен өлшеу әдісі.
- [6] МЕМСТ 30108-94 Құрылыс материалдары мен бұйымдары. Радионуклидтердің меншікті тиімді белсенділігін анықтау.
- [7] МЕМСТ 12.3.002-2014 Мемлекетаралық стандарт.Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі.Өндірістік үдерістер. Жалпы қауіпсіздік талаптары.
- [8] МЕМСТ 12.2.003 - 91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жабдық.
- [9] МЕМСТ 19433.1-2010 Қауіпті жүктер. Жіктеу.
- [10]МЕМСТ 12.4.137-2001 Мұнайдан, мұнай өнімдерінен, қышқылдардан, сілтілерден, улы емес және жарылғыш шаңнан қорғайтын арнайы былғары аяқ киім. Техникалық шарттар.
- [11] МЕМСТ 12.4.011-89 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмысшыларды қорғау құралдары.Жалпы талаптар және жіктеу.
- [12] МЕМСТ 12.3.009-76 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Тиеу-түсіру жұмыстары.Жалпы қауіпсіздік талаптары.
- [13] МЕМСТ 12.1.004-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.
- [14] МЕМСТ 12.4.026-2015 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Сигналдық түстер, қауіпсіздік белгілері және сигналдық таңбалар.
- [15] Кеден одағының КО ТР 014/2011 «Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі» 18.10.2011 жылғы № 827 техникалық регламенті.
- [17] МЕМСТ 17.1.3.06-82 Табиғатты қорғау.Гидросфера.Жер асты суларын қорғауға қойылатын жалпы талаптар.
- [18] МЕМСТ 17.1.3.07-82 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Су айдындары мен ағын сулардың сапасын бақылау ережесі.
- [19] МЕМСТ 17.2.3.01-86 Табиғатты қорғау. Атмосфера. Елді мекендер ауасының сапасын бақылау ережесі.

ҚР Ұ 218-190-2022

[20] МЕМСТ 17.2.3.02-2014 Мемлекетаралық стандарт. Өнеркәсіп кәсіпорындарының ластаушы заттардың жол берілетін шығарындыларын белгілеу қағидалары.

[21] МЕМСТ 17.4.3.04-85 Табиғатты қорғау. Топырақ. Ластануды бақылауға және қорғауға қойылатын жалпы талаптар.

[22] ҚР ЕР 218-21-2021 Қазақстан Республикасында автомобиль жолдарын салу, жөндеу және күтіп-ұстау кезінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Нұсқаулық.

ӘОЖ 620.179:4

МСЖ 91.100.01

ЭҚТӨЖ

Түйінді сөздер: адгезия, адгезиялық қосылыстар, фотоға түсіру әдісі, ілінісу коэффициенті, тасымалдау және сақтау, сапаны бақылау

Орындаушылар

Әзірлеме басшысы

А.О. Елшібаев

Жауапты орындаушы

С.Ж. Ашимова

Орындаушылар:

В.Н. Ларина

Д.А. Алижанов

Р.Х. Салахов

М.С. Абдикаримов

А. Кенжегалиева

**МИНИСТЕРСТВО ИНДУСТРИИ И ИНФРАСТРУКТУРНОГО
РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ**

**РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО УЛУЧШЕНИЮ СЦЕПЛЕНИЯ БИТУМОВ С
КАМЕННЫМИ МАТЕРИАЛАМИ**

Р РК 218-190-2022

Издание официальное

Астана 2022

Предисловие

- | | |
|--|---|
| 1 РАЗРАБОТАН И | АО «Казахстанский дорожный научно-исследовательский институт» |
| 2 ВНЕСЕН | РГП на ПХВ «Национальный центр качества дорожных активов» |
| 3 УТВЕРЖДЕНЫ И
ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ | Приказом Председателя Комитета автомобильных дорог Министерство индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от «28» декабря 2022 г. № 154 |
| 4 СОГЛАСОВАН | Акционерным обществом «НК «ҚазАвтоЖол» от «01 » ноября 2022 г. № 03-01/12-01/3258-И |
| 5 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ | 2027 г.
5 лет |
| 6 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ | |

Документ доступен к просмотру в информационно-правовой системе нормативно-правовых актов Республики Казахстан «Әділет» и электронной базе данных «InfoZhol –<http://infozhol.kad.org.kz>

Настоящие рекомендации не могут быть полностью или частично воспроизведены, тиражированы и распространены без разрешения Комитета автомобильных дорог Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан.

Содержание

	стр.
Введение	4
1 Область применения	5
2 Нормативные ссылки	5
3 Термины и определения, сокращения	7
4 Общие положения	8
5 Технология применения адгезионных добавок	8
6 Технические требования	10
7 Требования безопасности	11
8 Требования охраны окружающей среды	13
9 Методы контроля	14
10 Хранение и транспортирование	15
11 Гарантии изготовителя	15
Приложение А (обязательное) Определение сцепление битума с каменным материалом методом кипячения в воде (количественный метод)	16
Приложение Б (рекомендуемое) Определения коэффициента сцепления битума с каменным материалом методом компьютерной обработки фотографий	19
Приложение В (обязательное) Количественный метод определения коэффициента сцепления битума к каменному материалу	24
Библиография	27

Введение

Одной из основных причин преждевременного разрушения асфальтобетонного покрытия является плохое сцепление битумов с минеральным наполнителем из кислых пород. Этот вопрос обсуждался уже не один десяток лет, предлагаются различные решения частного характера, но в целом проблема остается нерешенной.

Повышение прочности и устойчивости сцепления битума с поверхностью минеральных материалов имеет большое значение для продления срока службы дорожных покрытий. С этой целью за последние годы в отечественной и зарубежной практике дорожного строительства стали широко применять адгезионные добавки.

